«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

3 қаңтар 2024 ж.

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 299-ӨҚ

Атырау қаласы

Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы және Атырау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №282 «Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы №125 «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес медицина қызметкерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу кезінде медицина қызметкері ұсынатын дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім нысаны бекітілсін.

2. **Медициналық ұйым басшыларына:**

1) бұйрыққа қоса жалғанған қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе еңбек шартына тиісті өзгерістер енгізу арқылы бірыңғай сақтандыру пулы шеңберінде медицина қызметкерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу кезінде медицина қызметкері ұсынатын дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі алынсын;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 24 шілдедегі №58 бұйрығымен бекітілген Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қағидаларына сәйкес бекітілген штат кестесі негізінде Пулдың Әкімшісіне төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының (жарнасының) сомасын есептеу жүргізілсін;

3) «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-бабы 3-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен қаржы қызметтері ретінде медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қызметтерін сатып алуды көздейтін ағымдағы жылғы Мемлекеттік сатып алу жоспарына толықтыру енгізілсін;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Пулдың Әкімшісімен медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты жасалсын.

2.Басқарманың экономика, мемлекеттік сатып алу және инвестициялық жобалар бөліміне:

осы бұйрықтың 2-тармағының 2), 3) 4) тармақшаларының орындалуы бойынша ақпарат жинақтасын.

3.Басқарманың адами ресурстарды басқару және медиицналық ұйымдрдың кадрлық ресурстарын мониторингілеу бөліміне:

осы бұйрықтың 2-тармағының 1) тармақшасының орындалуына бақылау жүргізсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі №01-1-11/11183-И хаты.

Басқарма басшысы **Қ.Абдалиев**

Заңгер:

Бұйрықпен таныстырылсын:

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасы басшысының
2024 жылғы ___ _____
№_____ бұйрығына қосымша

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім

Мен,/Т. А. Ә./ /жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, кім және қашан берілгені/, "Мемлекеттік кредиттік бюро" АҚ-ға өз келісімімді беремін, БСН 120940011577, сақтандыру ұйымына атауын көрсету,БСН___ , Интернет-ресурс операторының мекенжайы, БСН____, Сақтандырылушы___ ,БСН____ Сақтандырушы-Қатысушыларға бірыңғай сақтандыру пулы (Пул)_____ (әрбіреуінің БСНкөрсету), Пул әкімшісінің БСН және үшінші тұлғаның жинау, өңдеу,пайдалану,шарттарды жасасу,орындау, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мақсаттары үшін менің дербес және биомерикалық деректерімді сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді өңдеу процесінде сақтау, тарату, трансшекаралық беру және үшінші тұлғаларға берумедициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін бірлесіп сақтандыру, сондай-ақ бірыңғай сақтандыру деректер базасына, мемлекеттік,мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерге мәліметтерді беру/ алу үшін Келісімді шексіз мерзімге беремін.

Менің дербес деректерім жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратылуға жатпауы тиіс.

Согласие
на сбор и обработку персональных данных

Я,/Ф.И.О./ /вид документа, удостоверяющего личность, кем и когда выдан/, даю свое согласие АО «Государственное кредитное бюро», БИН 120940011577, страховой организации_____ указать наименование, БИН___ , Оператору интернет-ресурса, БИН____, Страхователю___ ,БИН____ Страховщикам-Участникам единого страхового пуля (Пула)_____ (по каждому указать БИН___-), Администратору Пула БИН и третьем лицам на сбор, обработку, использование, хранение, распространение, трансграничную передачу в процессе обработки и передачу третьим лицам моих персональных и биометрических данных, сведений, составляющих тайну страхования, для целей заключения, исполнения,внесения изменений и (или) дополнений договоров сострахования профессиональной ответственности медицинских работников, а также для передачи/ получения сведений в /из единой страховой базы данных, государственных, негосударственных информационных систем.Согласие предоставляю бессрочно. Мои персональные данные не подлежат распространению в общедоступных источниках.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс,
тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727
e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8, Дом Министерств, 5 подъезд,
тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727
e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

ҚР-1-11/11193-И
26.09.2024

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктеріне

Орталық атқарушы органдарға
(*ҚОРҒАНЫСМИНІ, ІІМ, ҰҚК, МКҚ, ҒЖБМ, ОАМ, ТСМ*)

Маңызды!!!

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 19.04.2024 жылғы ҚР Заңының 21.10.2024 жылдан бастап медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі нормаларды қолданысқа енгізуге қатысты нормаларын орындау үшін төмендегілер туралы хабарлайды.

Көрсетілген нормаларды уақтылы іске асыру үшін денсаулық сақтау субъектілеріне:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 58 бұйрығымен бекітілген Медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қағидаларына сәйкес бекітілген штат кестесі негізінде Пулдың Әкімшісіне төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының (жарнасының) сомасын есептеу жүргізілсін;

2) «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-бабы 3-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен қаржы қызметтері ретінде медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қызметтерін сатып алуды көздейтін ағымдағы жылғы Мемлекеттік сатып алу жоспарына толықтыру енгізілсін;

3) қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе еңбек шартына тиісті өзгерістер енгізу арқылы бірыңғай сақтандыру пулы шеңберінде медицина қызметкерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу кезінде медицина қызметкері ұсынатын дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі алынсын;

11334
27.09.24

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Пулдың Әкімшісімен медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты жасалсын.

Қазіргі уақытта медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру бойынша бірыңғай сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысуға ниеті бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары «МОІ (МОЙ) сақтандыру брокер» ЖШС болып айқындалды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ арқылы қаржыландырылатын денсаулық сақтау субъектілері үшін шығыстарды медициналық қызметтерге тарифтерді ұлғайту арқылы жеткізу жоспарланып отырғанын қосымша хабарлаймыз. Жергілікті атқарушы органдардың ұйымдары үшін шығыстарды *(ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлерге – Балалар үйі, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, ЖИТС орталықтары)* ағымдағы нысаналы трансферттер арқылы жеткізу жоспарлануда.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктеріне, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдарға (тізім бойынша) бақылауға алуды және туындайтын барлық мәселелер бойынша Министрлікке мына телефондар бойынша хабарласуды сұраймыз: 74-29-77, 74-39-05, 75-07-71.

Қосымша __ парақта.

Вице-министр **Е. Нұрлыбаев**

Орынд.: Ажғалиева И.Қ.
тел.:75 07 71